

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

«Қар»

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.05.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/75158/

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Әлеумет. Таным.

Бөлімі: Экология

Тақырыбы: «Қар»

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың қар туралы білімдерін кеңейтіп, температураға байланысты қардың өзгеру қасиетін түсіндіру, тәжірбие арқылы қорытынды жасай білуге үйрету

Дамытушылық: : Балалардың ойлау қабілетін, қыс мезгіліне тән өлі табиғатқа деген қызығушылықтарын дамыту

Тәрбиелілік: Ұқыптылыққа және табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар:

Сөздік жұмыс: Қар, ұлпа қаралар.

Билингвальды компонент: Қар – снег- snow.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері Педагогтің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық –қозғаушылық -Балалар, күн суық болса да, біздің жүрегіміз жылы.

Жылуымызды жан-жағымызға беру үшін, келген қонақтармен амандасайық:

Шаттық шеңбері:

Балалар қимыл-қозғалыс арқылы шаттық шеңберін жасайды.

Ұйымдастырушылық-ізденістік — Балалар, мен бүгін аязды көрдім.

Ол: «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» деп сұрады.

— Мен: «Әрине қуанды» — дедім.

— Сендер қуандыңдар ма?

— Ендеше мына күміс қоңырауды ал да, балаларға бер, қоңырауды сылдырлатып, қыс келгеніне қалай қуанғандарыңды білдіріңдер. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрмын. Әйтпесе, қатты боран соғып, аяз қысады, — деді .

— Қане, балалар Аяздың айтқанын орындаймыз ба? Орындамасақ Аязды ашуландырып аламыз.

-Өте жақсы балалар. Қыс мезгілінің келгеніне қатты қуанғандарыңды Аяз да көріп, риза болып қалған шығар.

-Олай болса, сабағымызды бастайық.

Сұрақ-жауап:

-Бір апта неше күн бар?

-Бір жылда неше жыл мезгілі бар?

-Ал қазір қандай жыл мезгілі?

-Қыс мезгілінің белгілерін ата.

-Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнаймыз?

Балалар, қыс керемет жыл мезгілі, қыс өзімен қуаныш пен шаттық ала келеді.

-Ал, сендер білесіңдер ме? Жылы жақта қыс және қар болмайды. Олар ешқашан қармен ойнамайды.

Менің Африкада тұратын кішкентай досым бізге Видеосәлемдеме беріп жіберді, тыңдап көрейік.

-Бобо бізге қар туралы айтып беруімізді сұрады.

-Балалар, қар қайдан пайда болады?

-Ендеше қардың қайдан пайда болатынын.

Ойын арқылы көрсетейік

Ойын: «Ақ қар»

Шарты:

Өзендерден көлдерден тамшылар көкке көтеріледі (балалар орындарынан тұрады).

Тамышылар көтеріліп кристалға каналады (балалар бір орында қатып қалады).

Кристалдар бір жерге жиналып бұлт құрайды (балалар шеңберге жиналады).

Кристалдар көбейген сайын қозғалып жерге қар болып түседі (балалар отырады).

Балалар аязды күні қар не себепті сықырлайды?

Ал қандай қардан біз аққала жасай аламыз?

-Қар әртүрлі болады, аязды күні қар бір-бірден жауады, ал жылы күні бір-біріне жабысып екі-екіден немесе үш-үштен жауады. Сол себепті далада оппа қарлар пайда болады.

Қараңдаршы менде сендерге қар ала келдім.

Қардың түсі қандай?

Балалар Бобо өз елінде қар жоқ екенін айтты, себебі Африка өте ыстық қар еріп кетеді.

Балалар мына ыдысқа қарды салып Бобо беріп жіберсек не болады?

Балалар менде керемет бір ой бар.

Қазір біз нағыз ойлап тапқыш боламыз.

Бір ешқашан ерімейтін қарды ойлап табамыз.

Бұған керекті заттар мына қорапшаның ізінде. Осы заттармен екі түрлі қар жасап Бобоға беріп жібереміз

1. Сақал қырғыш көпірік (пена для бритья) +ас содасы

2. Балалар жөргекшесі(памперс)+ су

Балалар, Бобо досымыз қар туралы көп нәрсе білді деп ойлаймын.

Балалар Бобоға тез қарды жеткізу үшін хатшыға беріп жіберейік.

(Бобо видеодан рахмет айтып , сыйлық береді.)

Бобо бізге мынандай сыйлық беріп жіберіпті.

Бұл не?

Бобо Африка елінді тұратын аңдардың ойыншықтарын беріп жіберіпті. — — Иә , әрине қуандық.

— Иә, орындаймыз.

Балалар қоңырауды кезек – кезек алып, қыс мезгілінің келгеніне қалай қуанғандарын білдіреді.

— Алақай ! Алақай, қыс келді!

— Алақай, алақай Жаңа жыл келді!

— Алақай, алақай , шаңғы тебеміз.

— Алақай, шанамен сырғанап, коньки тебеміз.

Алақай аққала жасаймыз.

Балалардың жауабы.

Балалар Бобоның сәлемдемесін тыңдайы.

Өзен, көлдерден, теңіздерден.

Балалар белсене ойын ойнайды.

Жабысқақ, сулы.

Қардың түсі ақ.

Ери бастайды.

Рефлексиялық-түзетушілік Балалар, бүгінгі сабағымыз не туралы болды?

Қар туралы не білдік?

Жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Балалардың жауабы

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: тәжірбие арқылы қорытынды жасай білуді.

Түсінеді: қыс мезгіліне тән өлі табиғатқа деген қамқорлықты.

Қолданады: температураға байланысты қардың өзгеру қасиетін.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.